КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2022 жылғы 04 қараша №2301-22-00-2/1924 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Атырау облыстық Шәймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ermaris kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Д.Абдирова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2022 жылғы 10 тамызда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №103 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға кәдесый өнімдерін жеткізу қызметін шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген. Міндеттеме орындау мерзімі 2022 жылғы 26 тамыз.

Талап қоюшы сотта «Ermaris kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Д.Абдирова талап қоюды қолдап, жауапкер қазіргі уақытқа дейін міндеттемені орындамағанын, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талаппен жүгінуіне негіз болды, алайда сот шешімі шыққан күнге дейін міндеттеме жауапкермен толығымен орындалған жоқ.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ, қаржы игерілмеуіне байланысты бюджетке кері қайтарылған, жұмыстар аякталмауына байланысты жағымсыз салдар бар.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен 2022 жылғы 1 қыркүйекте жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 532 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады, талап қоюшыға талап беру кезінде артық төленген 1 532 теңге қайтарылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 196, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Атырау облыстық Шәймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Ermaris kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Ermaris kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ermaris kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 532 (бір мың бес отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Атырау облыстық Шәймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына артық төленген 1 532 (бір мың бес отыз екі) теңге мемлекеттік баж қайтарылсын.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:

Судья А.Б.Саудабаев

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2022 жылғы «06» желтоқсан енді.

Судья А.Б.Саудабаев

«3» парақта нөмірленді.
Судья Саудабаев А.Б.